



ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№3 (963) Бейсенбі 22 қаңтар 2026 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ СЫР ӨңІРІНІҢ ДАМУЫНА ОҢ БАҒАСЫН БЕРДІ

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қызылорда қаласында Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысы барысында өңірдің даму бағыты жайлы сөз қозғады. Мемлекет басшысы өз сөзінде Сыр өңірінде жаңадан бой көтерген

нысандардың халық игілігіне сай жұмыс жасап жатқанын алға арттып, облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаевтың бұл бағытта жақсы жұмыс атқарып жатқанын айтты.



Медициналық сақтандыру қорынан орасан зор қаражат ұрланып жатыр – Тоқаев

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев V Ұлттық құрылтайда елдегі алаяқтықтың өршуіне мемлекеттік органдар да «үлес қосып» жатқанын айтты.

- Алаяқтар ұлттық қауіпсіздікке нақты қауіп төндіретін қауіпке айналды. Медициналық сақтандыру қорынан орасан зор қаражат ұрланып жатыр. Сонымен бірге жедел жәрдем қызметінің өкілдері, фельдшерлер алаяқтардың үндеуіне сеніп, наразылық акцияларына шығып, әлеуметтік талаптар қойып жүр. Азаматтарымыз алаяқтарға жем болып, адал жолмен жинаған қаражатты жоғалтып жатыр, алдауға көніп қылмысты қаржылық операцияларға тартылып жүр. Қазір әлемде көші-қон саласындағы алаяқтық проблемасы айтарлықтай шиеленісе түсті. Еуропа мен АҚШ-та не болып жатқанын көріп отырсыздар. Шетелдіктер үшін еліміз жұмыс табу, тұрмыс деңгейі тұрғысынан тартымды бола бастағандықтан бұл мәселе біздің елімізде де ерекше өзекті болып тұр. Құқық қорғау органдары Қазақстан аумағында тұрақты тұрғысы келген шетелдіктерге қаражаттарды заңсыз берумен айналысқан алаяқтардың қылмыстық әрекетін әшкереледі, - деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы алаяқтық қылмысқа қарсы күресті күшейту қажеттігін атап өтті.

- Заң мен тәртіп бұзушылардың бәрін - ұсақ бұзақылардан, ұрылардан бастап ұйымдасқан қылмыстық топ өкілдеріне дейін, қоғамды тұрақсыздандыруды көздейтін арандатушыларды жауапкершілікке тарту керек. Бұл өзекті және бірінші кезектегі міндет деп айтуға болады. Цифрландыру сөзсіз барлық жерді қамтиды және тұтас сипатта жүреді. Бұл жеке деректерді заңмен қорғауға, азаматтардың қаржылық және цифрлық сауаттылығын арттыруға назар аудару керек дегенді білдіреді, - деді Президент.

Жаңа парламент 5 жылға сайланады

Ұлттық құрылтайдың V отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев заң шығарушы органның жұмыс тәртібі мен рәсімдеріне қатысты ұсыныстардың төртінші бөлігіне тоқталды.

Президенттің сөзінше, жаңа Парламентте депутаттарды бес жыл мерзімге сайлау көзделіп отыр. Сонымен қатар заң шығару процесін жетілдіру мақсатында заң қабылдаудың үш кезеңнен тұратын жаңа процедурасы ұсынылған.

Депутаттар бірінші кезеңде заң жобасын жалпы мақұлдайды. Одан кейін өзгерістерді мақұлдайды, сонында заңды қабылдайды. Осылайша, біз Парламент қызметін түбегейлі қайта құру арқылы осыған дейін жүзеге асырылған саяси реформаларды одан әрі жалғастырамыз, - деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев бұл өзгерістер мемлекеттің институционалдық тұғырын нығайтуға бағытталғанын атап өтті.

Біз "Қушті Президент" - ықпалды Парламент - есеп беретін Үкімет" қағидатына сәйкес орнықты саяси жүйе қалыптастырамыз. Басты мақсатымыз да - осы, - дейді Президент.

Жошы хан туралы фильм көрерменге жол тартады

Биыл көктемде Жошы хан туралы деректі фильмді түсіру жұмыстары аяқталады. Бұл туралы Ұлттық құрылтайдың V отырысында мәлім етті.

- Біз соңғы жылдары сан ғасырлық тарихи мұрамызды ғылыми тұрғыдан зерделеу және дәріптеу жолында біраз жетістікке жеттік. Биыл көктемде Жошы хан туралы деректі фильмді түсіру жұмыстары аяқталады. Осы ауқымды жобаның басталғаны туралы Атырауда өткен құрылтай отырысында айттым. Көп сериялы фильнің тұсаукесері беделді халықаралық платформаларда өтеді, - Қасым-Жомарт Тоқаев.



«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТІ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2026 жылдың I жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 4502, 22 теңге;

БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8(7242) 27-85-75; 8-7059827661;
87777525463 .

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде Мемлекет басшының Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында берген тапсырмаларын орындау мәселелері қаралды. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.



Үкімет отырысында атап өтілгендей, биыл жаңа теміржол желілерінің құрылысы аяқталады, ал «Қызылорда – Жезқазған» автожолындағы қозғалыс жыл соңына дейін ашылады. «Жезқазған – Сексеуіл» учаскесі жаңғыртылып бітеді. Вокзалдарды реконструкциялау жұмыстары да жалғасады. Автожолдар саласында биыл «Қызылорда – Ақтөбе» төрт жолақты магистралінің құрылысы басталады.

Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайда Солтүстік Арал теңізін сақтау және халықаралық су ынтымақтастығын дамытуды одан әрі ілгерілету шараларына қатысты міндеттер белгіледі. Осы жылдың 30 маусымына дейін Солтүстік Арал теңізін сақтаудың екінші кезеңін дайындау аяқталып, жыл соңына дейін қаржыландыру мәселесі, оның ішінде халықаралық ұйымдар есебінен қаржыландыру шешілуі тиіс.

Сонымен қатар, Түркістан және Қызылорда облыстарындағы суару жүйелерін жаңғырту, автоматтандыру бойынша 167 жоба-сметалық құжаттама әзірленуде. Су үнемдеу технологиялары 143,1 мың гектар жерге енгізіліп, шамамен 500 млн текше метр суды үнемдеуге мүмкіндік берді.

Үкімет отырысынан кейін өткен мәжілісте осы және өзге де мәселелер бойынша нақты бағыт-бағдар айқындалып, жауапты сала басшыларына тиісті тапсырмалар жүктелді.

«Құрылтайдың осыдан 100 жыл бұрын Қазақ елінің астанасы болған, қазақ атауы қайтарылған Қызылорда қаласында өткені тарихи мәнге ие. Бұл – бізге жүктелген жауапкершілік пен зор сенім. Құрылтай отырысында ел тарихына алтын әріппен жазылатын, келешек ұрпақ айта жүретін маңызды шешімдер қабылданды. Бұл шешімдер еліміздің саяси, әлеуметтік, және экономикалық дамуына серпін беріп, халқымыздың болашаққа деген сенімін арттырып, ұлт бірлігін нығайтуда маңызды қадам болатыны сөзсіз. Алдағы уақытта Мемлекет басшысы берген тапсырмаларды сапалы әрі жүйелі орындауымыз қажет», - деді аймақ басшысы.



МАҢЫЗДЫ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛЕДІ

Отбасы банк жылжымайтын мүлікте үлесі бар тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға жеңілдетілген ипотека рәсімдеуге және жалдамалы тұрғын үй алуға өтініш беруге рұқсат берді.

“Отбасы Банк” мәліметінше, өзгеріс биылғы жылдың ақпан айынан бастап күшіне енебек.

Бұған дейін егер кезекте тұрған адамның жылжымайтын мүлікте тіпті кішкентай ғана үлесі болса, ол жеңілдетілген ипотека да, мемлекеттік тұрғын үй де ала алмайтын. Себебі талапқа сәйкес, үміткердің соңғы бес жыл ішінде жеке меншігінде тұрғын үйі болмауы тиіс еді. Мәселен, адамның өз баспанасы болмай, бірақ ата-анасының пәтерінде өте аз ғана үлесі болса мемлекеттік көмекті қолдана алмайтын.

“Енді адамның тұрғын үйде үлесі болса, бірақ ол кезекте тұрса, мемлекеттік қолдауға ие бола алады. Яғни, жеңілдетілген ипотека немесе жалдамалы тұрғын үй алу мүмкіндігі бар. Бұл мәселе заң жүзінде толық реттелмеген еді. Бірақ Отбасы банк азаматтардың жағдайын түсініп, көптеген өтініштерді ескере отырып, үлестік меншігі бар кезекте тұрғандарды есепке алу туралы шешім қабылдады”, – делінген банк хабарласында.

СПОРТ КЕШЕНІ АШЫЛДЫ



Жаңақорған ауданындағы Келінтөбе ауылында жаңа спорт кешенінің ашылу рәсімі өтті.

Рәсімде аймақ басшысы бұқаралық спортты дамытудың маңыздылығына тоқталып, тұрғындарды жаңа кешеннің ашылуымен құттықтады.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Ауыл – біздің алтын бесігіміз. Ауылдағы тіршілік сапасын жақсартпай, жалпыұлттық

дамуды елестету мүмкін емес» деген болатын. Президентіміздің аймақтардың әлеуетін арттыру, тұрғындардың өмір сапасын жақсарту, оларды елдегі саяси-экономикалық процестерге белсене қатыстыру жөніндегі бастамалары стратегиялық маңызға ие. Өңірде тұрғындардың бұқаралық, кәсіби спортпен шұғылдануына барлық жағдай жасалуда. 2022 жылдан бері 23 спорт нысаны салынды. Биыл «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында тағы

4 спорт кешені табысталады. Бүгін «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында 393 млн. теңгеге бой көтерген дене шынықтыру-сауықтыру кешені ел игілігіне айналады. Ғимаратты сапалы салып, мерзімінде аяқтаған құрылысшыларымызға алғыс білдіреміз. Жаңа нысан дені сау ұлт қалыптастыруға қызмет етіп, осы жерден еліміздің көк туын әлемдік ареналарда желбірететін чемпиондар шығады деп сенеміз», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

ОЛИМПИАДАНЫҢ БАСТАЛУЫНА 15 КҮН ҚАЛДЫ

Екі аптадан соң XXV қысқы Олимпиада басталады. Ол 6-22 ақпан аралығында Милан мен Кортина-д'Ампеццо өтеді.

Италия осымен төртінші мәрте Олимпиада ойындарын өткізгелі отыр. Биылғы жылғы қысқы Олимпиада ойындарын осы елде өткізу туралы шешім 2019 жылы 24 маусымда ХОК-тың Лозанна қаласындағы 134-сессиясында қабылданған. Олимпиада ойындары Миланда алғаш рет өткізіледі. Ал Кортина-д'Ампеццо 1956 жылы ұйымдастырған.

Бұған дейін Туризм және спорт министрі Ербол Мырзахметов Италияда өтетін қысқы Олимпиада ойындарына сапалы дайындық үшін 13,3 млрд теңге бөлінгені туралы айтты. Оған қоса, ТОП-деңгейдегі 13 шетелдік жаптықтырушы-кеңесші жұмылдырылғанын жеткізді. Министр XXV қысқы Олимпиада ойындарының ашылу салтанатында еліміздің көк байрағын ұстап шығатын спортшыларға қатысты пікір білдірді. Апта басында қысқы Олимпиадаға баратын Қазақстан спортшылары белгілі болды. Қазақстан құрамасының сапында 36 спортшы бар.

ЖАҢА ҚОНЫС – ИГІЛІКТІҢ БАСТАУЫ

Байқоңыр қаласындағы 250 пәтерлік 5 тұрғын үйді табыстау рәсімі өтті. Рәсімде аймақ басшысы жаңа қоныс иелерін құттықтады.

«Кеше өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Соңғы жылдары Қызылорда облысы заман талабына сай өсіп-өркендеп жатыр» деп, Сыр өңірінде атқарылған жұмыстарға оң бағасын берді. Мемлекет басшымыздың, Үкіметтің қолдауымен аймағымыз қарқынды құрылыс алаңына айналды. 2022 жылдан бері 200-ге жуық әлеуметтік нысан салынып, ел игілігіне айналды. Тұрғындарды баспанаман қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік әлеуметтік саясат нәтижелі іске асуда.

Кармакшы ауданында 2023-2024 жылдары 2 млрд. 848 млн. теңгеге 207 пәтерлік 103 тұрғын үй сапып алынып, кезекте тұрған азаматтарға берілді. Өткен жылдың соңында Жосалы кентіндегі 50 пәтерлік 25 жаңа тұрғын үйдің кілтін табыстадық.

Бірнеше жыл бұрын басталған, мердігердің



салғырттығынан құрылысы тоқтап қалған Байқоңыр қаласындағы 50 пәтерлік 5 тұрғын үйдің құрылысын аяқтау үшін облыстық бюджеттен 2 млрд. 433 млн. теңге қаржы бөлінді. Бүгін сол жұмыс толық бітіп, пәтерлердің кілтін өздеріңізге беруге жиналды.

Жаңа қоныс – игіліктің бастауы. Баспаналарыңыздың іргетасы берік, қабырғасы мығым, әр отбасының шаңырағы тауылық пен берекеге толы болғай!», – деді Н.Нәлібаев.

Еске салайық, Президенттің, Үкіметтің қолдауымен, Қызылорда облысының әкімдігі Байқоңыр қаласы әкімшілігімен бірлесіп,



АЙЫППҰЛ САЛЫНДЫ

Жалағаш аудандық сотында азамат Н.-ға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды. Іс құжаттарына сәйкес, азамат Н. әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап, белгіленген тәртіппен тіркелмеген көлік құралын басқарған. Оның әрекеті әкімшілік құқық бұзу туралы хаттамамен және басқа да іс құжаттарымен бекітілген.

Сот қаулысымен азамат Н. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 590-бабының 2-1-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған 60 550 теңге айыппұл салынды.

Жалағаш аудандық соты

ЖАУАПТЫЛЫҚҚА ТАРТЫЛДЫ

Қызылорда облысының көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 127-бабының 3-бөлігімен азаматша С.-ға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды.

Іс құжаттарына сәйкес, азаматша С.-ның көмелетке толмаған ұлы көлік құралын басқаруға құқығы жоқ күйінде басқарған. Осылайша, азаматша С. көмелет жасына толмаған ұлын тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамай, оның әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар әрекетке баруына жол берген.

Сот қаулысымен азаматша С. Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 127-бабының 3-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған 55 048 теңге көлемінде айыппұл салынды.

Қызылорда облысының көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты

ӘКІМШІЛІК ЖАЗА ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Көлікті масаң күйде жүргізген жүргізуші үшін тағайындалатын жаза қаншалықты қатаң болса да, ішімдік ішіп көлік жүргізу әрекеті тыйылмай келеді. Азамат Х. өз басқаруындағы «В» маркалы көлік құралын алкогольдік масаң күйде басқарған.

Сот отырысында оның құқық бұзушылық әрекеті өзінің кінәсін мойындаған түсінігімен, сондай-ақ сотта зерттелген іс құжаттарымен дәлелденген.

Сот қаулысымен Х. Қазақстан Республикасының ӘҚБтК-нің 608-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған 15 тәулікке әкімшілік қамаққа алу жазасы және 7 жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айыру түріндегі әкімшілік жаза тағайындалды.

Арал аудандық соты

АИТВ ДЕГЕН НЕ?

Адамның иммундық жүйесін бұза отырып, АИТВ басқа да инфекциялық аурулардың дамуына әсер етеді, өйткені иммундық жүйе организмді ауру туындатын микроорганизмдерден қорғау қабілетін жоғалтады. АИТВ инфекциясын жұқтырған адам уақыт өте келе сау адамдар үшін ешқандай қауіп келтірмейтін микроорганизмдердің өзін тез қабылдайтын болады.

- АИТВ-тің жұғу жолдары: Науқас адамның қанымен байланыс: АИТВ-пен жұқтырылған қанды құю кезінде, есірткілерді көктамырға енгізу үшін иіндерді, шприцтерді және басқа да материалдарды бірге қолданғанда, АИТВ-тің жұктілік кезінде АИТВ-ті жұқтырған анасының қанымен балаға берілгенде. Науқас адамның шауәтмен, қынабынан шыққан бөлінділерімен байланыс: мүшеқап

қолданылмаған жыныстық қатынас кезінде. АИТВ-ті жұқтырған ананың баласын емшекпен емізуі кезінде. Жұқтырылу тек инфекцияланған қан, шауәт, қынап бөлінділері және ана сүті арқылы ғана орын алуы мүмкін.

- АИТВ мына жағдайда жұқпайды
- АИТВ - инфекциясы зәр, нәжіс, құсық, сілекей, көз жасы және тер арқылы берілмейді. АИТВ – инфекциясы жанасқанда, қол қысқан кезде, сүйгенде, массаж кезінде, бір төсекте бірге жатқан кезде, бір төсек-орын жабдығын қолданғанда, бір ыдыстан ішкен кезде жұқпайды. Сондай-ақ, унитаздың отырғышы арқылы, жөтелген кезде, түшкіргенде немесе маса шаққан кезде инфекция жұқпайды.

- Адам АИТВ жұқтырғанын қалай біле алады?

- АИТВ-ті жұқтырғаннан кейін қанда пайда

болатын антиденелерді қанның арнайы анализі кезінде табуға болады. Антиденелерді табу адамның АИТВ-ны жұқтырғанын көрсетеді. Алайда, антиденелер қанда АИТВ-ны жұқтырғаннан кейін 3-6 айдан соң ғана табылуы мүмкін, сондықтан кейбір кезде АИТВ-ны жұқтырғанына бірнеше ай болған адам қанының анализі теріс нәтиже көрсетеді.

АИТВ-ны жұқтырған кезде көптеген адамдар ешқандай симптомдарды байқамайды. АИТВ-ны жұқтырғаннан кейін адам ұзақ жылдар бойы өзін жақсы сезінуі мүмкін. Бұл кезең аурудың жасырын (латентті) сатысы деп аталады.

Б.САДЫҚ,
ЖИТС орталығы,
Қазалы филиалы лаборанты



АСПАЛЫ КӨПІР ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Қазалы ауданының Әйтеке би кентіндегі теміржол арқылы өтетін аспалы көпір ашылды. Бүгін ел игілігіне табысталатын жаяу жүргіншілерге арналған көпірді Әйтеке би кентінің арғы бетінде тұратын 13 мыңнан астам тұрғын қолданады. Бұл өткел арқылы 2 мыңнан астам адам күнделікті әрлі-берлі катпайды. Сондықтан да жұртшылықтың теміржолдан қауіпсіз әрі тез өтуіне тигізер пайдасы ұшан-теңіз. Көпірді мерзімінде аяқтаған «ҚазТеміржол Engineering» ЖШС-нің мердігер мекемесі.

4,3 БАЛЛДЫҚ ЖЕР СІЛКІНІСІ ТІРКЕЛДІ

Ұлттық ядролық орталыққа қарасты Геофизикалық зерттеулер институтының Қазақстан ұлттық деректер орталығы 2026 жылғы 22 қаңтарда Астана уақытымен сағат 12:03-те жер сілкінісін тіркелді.

Мәліметке сәйкес, жер сілкінісінің эпицентрі Алматының оңтүстік-шығысында, Қытай аумағында орналасқан. Сейсмикалық оқиғаның магнитудасы 4,3, энергетикалық класы 9,6 болып тіркелген.



ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ БҰҒАТТАЛДЫ

Австралияда 550 мың парақша бұғатталды, елде қабылданған жаңа заңға сәйкес, 16 жасқа дейінгі балаларға әлеуметтік желіні қолдануға тыйым салынған.

Сондықтан да Meta компаниясы осы елдегі аккаунттарды жаба бастады. Компанияға Instagram, Facebook және Threads желілері тиесілі. Австралия үкіметі мен белсенділер бұл шара балаларды зиянды контент пен алгоритммен қорғау үшін қажет деп мәлімдеді.



АЙНАЛДЫМ СЕНЕН, АТАМЕКЕН

Ұлттық құрылтай аясында ақын Шөмішбай Сариевтің 80 жылдығына арналған «Айналым сенен, Атамекең» атты гала концерт өтті.

Тарихтан белгілі, 1925 жылы Ақмешітте өткен V съезде ұлтымыздың тарихи атауы қайтарылып, қала аты Қызылорда болып өзгертілді. Арада бір ғасыр өткенде Сыр өңірі ел болашағын айқындайтын ойлар тоғысқан алаңға қайта айналды. Төрт астананың орнында түлеген мекендегі V Ұлттық құрылтай жана тарихтың жарқын беттерін ашады.

Алқалы жиынның ән-жырдың алтын бесігі Сыр өңірінде өтуі – зор жауапкершілік әрі мәртебе. Бүгінгі концертте туған жер мен атамекенді асқақ жырына қосқан Шөмішбай Сариевтің сөзіне

жазылған әндердің орындалуы рухани сабақтастықтың үлгісі іспетті. Елімізге танымал әншілер мен жергілікті өнерпаздар ақынның патриоттық және лирикалық әндерін шырқады.

Қазақ руханиятында сөз бен саздың қос қанатындай бірін-бірі толықтырған ақын мен композитордың үндестігін Шөмішбай Сариев пен Кеңес Дүйсекеевтің шығармашылығынан көреміз. Сыр өңірі тумаларының қазақ өнерінің дамуына қосқан үлесі шексіз. Бірі –қазақтың жан сырын жырға айналдырған көрнекті ақын, бірі – сол жырларға жүрек

сазын қосқан қазақ эстрадасының классигі, кәсіби композитор. Қос таланттың тандемі – жай ғана авторлық бірігу емес, халықтың жүрегінен шыққан сөз бен сол жүрекке ән болып қайта оралған саздың табиғи тоғысуы.

Бүгінгі концертте Кеңес Дүйсекеевтің әніне жазылған «Қарағым-ай, «Домбыра туралы баллада», «Сәлем саған, туған ел», «Анаға хат», «Өкінбе сен» туындылары шырқалды.

Кеш соңында Шөмішбай Сариевтің 80 жылдығына арналған концерттің мәртебелі меймандарына ҚР Премьер-министрінің орынбасары-Мәдениет және ақпарат министрі Анда Балаеваның және Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың ықылас гүлі тарту етілді.

АЙМАҚ БАСШЫСЫ ВИЦЕ-МИНИСТРІМЕН КЕЗДЕСТІ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ҚР Су ресурстары және ирригация вице-министрі Ерболат Ибрайхановпен кездесті. Кездесуде өңірдегі «Қараөзек», «Арал-Сарыбұлақ» су нысандарына қатысты өзекті мәселелер талқыланды.

Мемлекет басшысының Жолдауында берілген тапсырмаға сәйкес, елімізде бірінші кезекте салынатын 9 су қоймасының тізіміне «Қараөзек» су қоймасы енгізілген болатын. Осыған орай су жинақтауға арналған қойманың

жобасы әзірленді. Ол Ислам даму банкінің «Климаттық орнықты су ресурстарын дамыту 1-кезен» жобасы аясында қаржыландыруға ұсынылып, бүгінде мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланды. Жыл соңына дейін жобаны іске

асыру жоспарлануда.

«Арал-Сарыбұлақ» топтық су құбыры арқылы Арал және Қазалы аудандарындағы 160 мыңнан астам тұрғыны бар 65 елді мекен ауыз сумен қамтамасыз етіледі. 1986 жылы пайдалануға берілген құбыр желілері айтарлықтай тозып, су қысымына төтеп бере алмау салдарынан апаттық жағдайлар мен уақытша ажырату жиі болады.

Мәселені шешу үшін «Арал-Сарыбұлақ» топтық су құбырының екінші тармағын салудың жоба-сметалық құжаттамасы әзірленді. Жалпы 43,7 млрд теңге қаржыға 234 шақырым су желілерін салу көзделген. 2024 жылы республикалық бюджеттен 5,5 млрд теңге бөлініп, 23 шақырым су құбырының құрылысы аяқталды.

Су ресурстары және ирригация министрлігі тарапынан Ислам даму банкі арқылы тартылатын қарыз қаражаты есебінен 7,1 млрд теңгенің 6 жобасы қолдау тапты. Олар «Қараөзек» су қоймасын салу және су жеткізу каналдарын күрделі жөндеуден өткізуге бағытталған.

«Ел тілегі» ақпарат

АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ӨТТІ



А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде Қызылорда қалалық ардагерлер ұйымының кезекті XIV конференциясы өтті. Конференция жұмысына қала әкімі Нұржан Ахатов, қалалық мәслихаттың төрағасы Ибадулла Құттықожаев, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, қалалық ардагерлер ұйымының төрағасы Шахизат Төребаев, қалалық мекемелер мен кәсіпорындар және қоғамдық ұйымдардың басшылары қатысты.

Конференцияда сөз сөйлеген шаһар басшысы Нұржан Сәбитұлы ардагерлер ұйымының қала өміріндегі орнын ерекше атап өтті. Сондай-ақ, қаланың жан-жақты дамуы жолында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, ардагерлерге алғысын білдірді.

Күн тәртібіне екі мәселе шығарылды. Алдымен қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Шахизат Төребаев 2024–2025 жылдары атқарылған жұмыстар туралы баяндама жасады. Ол өз баяндамасында ардагерлер ұйымының қоғамдық-саяси өмірге белсенді араласуы,

жастарға өнеге көрсетуі, бірлік пен тұрақтылықты нығайту бағытындағы жұмыстарды кеңінен жеткізді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша ұйымның Пленум және Алқа құрамдары сайланды. Алқа мүшелерінің дауыс беруі нәтижесінде қалалық ардагерлер ұйымының төрағалығына Өмірбек Шаменов, оның орынбасарлығына Серікбек Жүсіпов бірауыздан сайланды.

Шаһар басшысы ардагерлер ұйымына жетекшілік жасап, өзінің сүбелі үлесін қосқан Шахизат Төребаевқа алғысын білдіріп, қаланың ең жоғары марапаты «Құрмет грамотасын» табыстап, сый-сияпат көрсетті. Ал, жаңадан сайланған ұйым басшыларына сәттілік тіледі.

Конференцияны қорытындылаған Қызылорда облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Әбішұлы қала ардагерлерінің белсенділігіне жоғары баға беріп өтті. Сондай-ақ, қаланың қоғамдық-саяси өмірінде белсенділік танытып жүрген бірқатар ардагерге алғыс хаттар мен «Құрмет грамоталар» тапсырылды.

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 20 қаңтардағы №113 қаулысы

Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына және «Қызылорда облысы Қызылорда қаласының бас жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 шілдедегі № 1087 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 6 маусымдағы № 374 қаулысына сәйкес, сондай-ақ «Қызылорда қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жоллаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 27 қарашадағы № 01-03/1491 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Меншік иесі Кемеева Сара Ибрашевнаның жеке меншік құқығындағы Қызылорда қаласы, Иван Жұрба көшесі, № 105 А үй мекенжайында орналасқан көлемі 1000,0 (бір мың) шаршы метр жеке тұрғын үй құрылысы үшін (кадастрлық нөмірі 10-156-012-2911) жер учаскесі мен жылжымайтын мүлкін «Марал Ишан – Қ. Маханбетов – Тәуелсіздікке 25 жыл көшелерін кіре беріс қақпадан Саламатов көшесіне дейін қайта жаңғыртудан өткізу» жобасын жүзеге асыру мақсатында мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылғы 21 сәуір болып белгіленсін.

3. Меншік иесі жүгінетін орын Қызылорда қаласы, Қонысбек Қазантөев көшесі, № 43, № 13 кабинет болып белгіленсін.

4. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияласын.

5. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскелерінің меншік иелерін ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қастырылған басқа да қажетті шаралар қолданыс.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі

Н. Ахатов

Постановление акимата города Кызылорда №113 от 20 января 2026 года

О начале принудительного отчуждения земельного участка или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд

В соответствии со статьей 84 Земельного кодекса Республики Казахстан, со статьей 63 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе» и Постановлением Правительства Республики Казахстан от 6 июня 2019 года № 374 «О внесении изменений в постановление Правительства Республики Казахстан от 17 июля 2009 года № 1087 «О генеральном плане города Кызылорда Кызылординской области», а также рассмотрев письмо коммунального государственного учреждения «Кызылординский городской отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог» № 01-03/1491 от 27 ноября 2025 года, акимат города Кызылорда ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Начать принудительное отчуждение земельного участка и недвижимого имущества для государственных нужд в связи с изъятием для осуществления проекта «Реконструкция улицы Марал Ишан – К. Маханбетова – 25 лет Независимости от въездной арки до улицы М. Саламатова» у собственника Кемеевой Сары Ибрашевны на праве частной собственности, расположенный по адресу: город Кызылорда, улица Иван Жұрба, дом № 105 А, площадью 1000,0 (одна тысяча) квадратных метров (кадастровый номер 10-156-012-2911) для

индивидуального жилищного строительства.

2. Датой принудительного отчуждения определить 21 апреля 2026 года.

3. Местом обращения собственника земельного участка определить: город Кызылорда, улица Қонысбек Қазантөев, № 43, кабинет № 13.

4. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел общественного развития» акимата города Кызылорда в течении трех рабочих дней со дня принятия данного постановления опубликовать в средствах массовой информации.

5. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел сельского хозяйства и земельных отношений» акимата города Кызылорда уведомить собственников земельных участков, а также принять иные необходимые меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

6. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города Кызылорда.

7. Настоящее постановление вводится в действие со дня подписания.

Аким города Кызылорда

Н. Ахатов

«Жалағаш аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бөлім басшысының және орынбасарының азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы бөлім қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі

р/с	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Бүлембаев Канат Шамшаевич	Бөлім басшысы	Бейсенбі күні сағат 15:00-ден 18:00-ге дейін	Жалағаш кенті Желтоқсан көшесі, №1	8(72431) 31-3-93)
2	Қуракбаев Мейрбек Амангельдиевич	Бөлім басшысының орынбасары	Күнделікті сағат 9:00-ден 19:00-ге дейін	Жалағаш кенті Желтоқсан көшесі, №1	8(72431) 31-3-93)

МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ ТЕКСЕРУ ЖҮРГІЗІЛДІ



Өткен жылы техникалық реттеу және метрология комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті тарапынан мемлекеттік қадағалау және бақылау шеңберінде барлығы 141 тексеру жүргізілді. Аталған тексерулер өнім қауіпсіздігі, техникалық регламенттер талаптарының сақталуы және өлшем бірлігін қамтамасыз ету бағытында жүзеге асырылды. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында департамент басшысы Бауыржан Қарсақбаев мәлімдеді.

– Тексеру жұмыстары жоспардан тыс, құқық қорғау органдарының тапсырмасы негізінде және профилактикалық бақылау форматында жүргізілді. Нәтижесінде бұзушылықтарды жою жөнінде нұсқамалар беріліп, 3 әкімшілік іс қаралды. Сонымен қатар, ақпараттық жүйелерге жүргізілген мониторинг барысында 272 өлшем құралдары салыстырылып тексеру сертификаттары заң талаптарына


сәйкес келмегендіктен, олардың күші жойылды. Облыс аумағындағы жеке меншік медициналық орталықтар мен зертханаларға қатысты бармай профилактикалық бақылау жүргізіліп, өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы заң талаптарының бұзылуына байланысты 39 субъектіге ұсынымдар берілді. Сондай-ақ, зергерлік бұйымдар өткізетін кәсіпкерлерге қатысты 42 профилактикалық бақылау шарасы ұйымдастырылды. Бұзушылық анықталған субъектілер алдағы уақытта бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізілетін тізімге енгізілді. Бақылау сатып алу бағдарламасы аясында тұрмыстық электр тауарлары мен жанармай өнімдері сынақтан өткізілді. Сынақ нәтижесінде бірқатар тұрмыстық электр тауарлары техникалық регламент талаптарына сай келмейтіні анықталып, оларды айналымнан алу туралы шешім қабылданды, - деді Бауыржан Бакытбекұлы.

ЕСІРТКІ ЖАЙЛЫ ЕРТЕГІ

Ерте, ерте, ертеде біздің інкәр өлкеде, тек білімнен басқаға иық бұрмайтын заманда Тазаорман атты сұлу мекен болыпты. Бұл орманда сыңғырлаған бұлақтар ағып, алуан түрлі жасылды-қызылды гүлдер жайқалып, аң-құс атаулы тату-тәтті ғұмыр көшіпті. Орман шетінде кішкентай ғана, бірақ дүниеге қатты қызығатын Қоянды өмір сүрген екен.

Бір күні қою қара тұман арасынан Қояндыға белгісіз бейнеде ғажайып сығалап шығып: - Сен менімен өмірлік дос болсаң, сені бәрінен күшті, бәрінен бақытты етемін, - деп құлағына сыбырлапты.

Әдемі сөздерге арбалған Қоянды жүрегі дүрсіл қағып, сәл уақытқа ойланып тұрып қалыпты. Ойы сан-саққа жүгіріп, әдемі өмірді армандап кетеді. Кенет аяғын аңдап басқан орманның ең дана тұрғыны Кірпі ата таяғына сүйеніп келіп: - Қарағым, сәк бол! Бұл белгісіз бейне - алдамшы дұшпан. Жеңіл өмірдің астында орны толмас өкініш болуы



мүмкін. Оған жақындаған жанның қуатын тартып алып, жүрегін мұңға толтырады, - деп ақылын сараптады.

Аксақалдың даналы сөзін тыңдаған Қоянды бірден кері бұрылып, белгісіз бейнедегі ғажайыптан алшақтай жөнеліпті. Күннің шұғылалы сәулесі жер бетіне шуақ шаша бастағанда, белгісіз бейне көзден ғайып болыпты.

Содан бері Тазаорманда мызғымас бір заң қалыпты:

«Денсаулық - ең үлкен байлық, ал жаман әдет - ең қауіпті дұшпан».

Осы оқиғадан кейін Қоянды болса кез келген істі сараптап, асығыстыққа салмай байсалдылықпен шешетін, тысырдан сақтанатын, өзгелерге дұрыс жол сілтейтін, пайдалы кеңес айтатын қоян атаныпты.

Олжас БОЛАТУҒЫ,

6 сынып оқушысы.

Қызылорда облысы

Қармақшы ауданы

Т. Көмекбаев ауылы



Ең бағалы сыйлық

Бір күні бір шәкірт ұстазының қуанышына сыйлық апарайын десе, ешнәрсе таба алмапты. Ұстазының үйіне бара жатып, жол бойындағы кепкен шыбықтарды жинап келеді. Жинаған шыбықтары бір құшақ отын болыпты. Барлық шәкірт өз сыйлықтарын беріп жатқанда, бұл шәкірт: «Жомарттың қолын жоқтық байлайды» демекші, Сізге берер сыйлығым болмай, осы отынмен дәрет суыңызды жылытсаңыз да, керекке жарар деп алып келдім» депті.

Сонда ұстазы: «Жоқ, бұл мен үшін өте бағалы сыйлық, бұнын ішінде сенің ықыласың бар -деген екен.

Сіздерге кімде-кім қандай да бір сыйлық берсе, не жылы сөз айтса, ықыласпен қабыл алыңыз. Мүмкін, оның ниеті, не тілегі шын ықыласпен жасалған шығар.

Ғибратты әңгімелер

СОҢҒЫ СЫНАҚ

Баяғыда таудың қиясын мекендеген бір ерекше қасиетті қыран құс өмір сүріпті. Өзгелерге өрлігімен өнеге болған әлгі бүркіт бір жылы өмірінде бірінші рет үш балапан басып шығарыпты. Балапандардың қанаты қатайып, ұясынан ұшып шығуына аз уақыт қалғанда бүркіт үш балапанын уысына қысып, теңіз төсіне алып шығапты. Ұшып келе жатқан ол, өзіндік өмірге қанат қаққалы тұрған балапандарынан соңғы рет сынақ алып, былай деп сұрапты:

– Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай, мәпелеп бағып қаққанымды жақсы білесіңдер. Ертең өскесін, осының өтеуі ретінде маған қандай жақсылық жасайсыңдар?

Біріншісі айтыпты: – Анашым, сенің ақ сүтінді ақтау үшін қолымнан келгенін барлығын жасаймын. Мен сені өмір бойы қанатыма аркалап, алып жүремін. Дүниенің төрт бұрышын аралатам, таңғажайып тамашаларды көретін боласың, – депті. Сонда бүркіт басын шайқап, уысындағы балапаның теңізге тастап жіберіпті. Сосын екіншісіне бұрылып: –

– Ал сен не айтасың?

Екіншісі айтыпты: – Анашым, мен сені ел аралатып босқа әуре қылмаймын. Ғаламның барлық кереметін алдыңа әкеліп беремін. Ішкенің алдында, ішпегенің артыңда болады, – депті. Бүркіт тағы да басын шайқап, екінші балапанын су тұңғығына тастап жібереді. Үшінші балапанына бұрылып, жарқыншақ толы дауыспен былай депті:

– Ал сен қалай жарылқамақсың?

Сонда үшінші балапан былай үн қатыпты: –Анашым, өтірік қанша тәтті болса да, саған ащы ақиқатты ақтармасқа амалым жоқ. Маған жасаған жақсылығыңның ішеті де, ішегі де жоқ екенін, оны өтеуге бүкіл ғұмырымды арнасам да жетпейтінін жақсы білемін. Дегенмен, менің өмірім сені әлемді аралатуға да, сан түрлі ғаламаттарды алдына алып келуге де арналмайтынын айтқым келеді. Мен сенің маған жасаған жақсылықтарыңды өз балапандарыма жасау үшін өмір сүретін боламын.

Кәрі бүркіт сонда ғана көкірек кере терең дем алып: – Біздің әулет аманатын алға апарар, қыран деген атқа лайық бола алар ұрпақ туылғанына көзім енді жетті, – деген екен.

СӨЗ ИЕСІН ТАБАДЫ

Бір күні бір адам Омар Хайямды жұрт көзіңше:

– Сен дінсізсің! Сен араққұмарсың! Сен тіпті ұрысың! – деп балағаттапты.

Оған жауап ретінде Омар Хайям жай ғана күлімдеп қоя салыпты.

Осыны көрген бір бай, әдемі киініп алған адам:

– Сен қалайша бұлай айтуына жол бересің?! Сенің намысың келмей ме? – деп тандана сұрапты. Омар күліп:

– Жүр менімен, – депті. Бай оған ілесіпті.

Омар сарайына кіріп, ескі сандықты ақтарып, одан дымға жарамсыз жыртық халатты тауыпты. Оны әлгі байға лақтырып:

– Мынаны өзіңе өлшеп көрші, саған шақ болуы керек, – депті.

– Мұның маған не керекі бар? Менің киімім қымбат, әдемі екенін өзің көріп тұрған жоқсың ба? Сен шынымен де жынданыпсың! – деп халатты Омарға қайтара лақтырыпты.

– Көрдің бе, сен жыртық, ескі халатты өзіңе сай көрмедің. Сол сияқты мен де маған айтылған балағат сөздерді өзіме сай көрмедім. Сені балағаттаған адамға ренжігенің – оның сөздерінің шындық екеніне келіскенің! – деп жауап беріпті Омар...

ӨЗІҢ СҮЗГІДЕН ӨТКІЗ!

Ел таныған ғұламаға бір кісі келіп: – Сіз туралы шәкіртіңіздің бірі не деп жүргенін білесіз бе?" – дейді.

Сонда ғұлама: "Біреудің айтқан сөзін жеткізбес бұрын, оны үш түрлі сүзгіден өткізіп алғаның жөн. Алғашқысы – шындық. Соған салар болсақ, айтпақ сөзіңнің рас екеніне көзің толық жете ме?" дейді. Әлгі кісі: "Шынымды айтсам, өз аузынан естімедім" дейді.

– Онда екінші сүзгіден өткізейік. Ол "жақсы сөз" деп аталады. Айтатын хабарың жақсы сөз бе еді? – деп сұрайды. Ол кісі: «Жоқ, керісінше болатын» – дейді күмілжіп.

– Онда үшінші сүзгіден өткізіп көрелік. Мүмкін бұл сынақтан өтерсіңі! Ол "пайдалы өнім" деп аталады. Ал енді мына хабарыңның маған қандай пайдасы бар? – деп сұрайды. Әлгі кісі қатты қысылып: «Пайда бермейтін әңгіме еді» дейді жерге қараған күйі.

Сонда ғұлама: «Өзі сенімсіз әрі жағымсыз әңгіме болса әрі маған түк пайда келтірмесе, оны маған қандай жақсылық ойлап жеткізгің келді?!» деген екен. Бұл бәрімізге керек сүзгі екен!

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 22 ақпандағы №814 Жарлығына,Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әлептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №153 Жарлығынажәне Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 8(7242)27-42– «Сенім телефоны» жұмыс істейтіндігін хабарлаймыз.

Наименование показателей	Тариф без НДС, тенге/кВт*час	Тариф с НДС, тенге/кВт*час
Предельная цена	28,30	32,8280
Предельная цена для физических лиц (бытовые потребители, использующих электрическую энергию для собственных бытовых нужд, не связанных с производством (продажей) товаров, работ и предоставлением услуг)	25,47	29,5452
Для физических лиц, не использующих электрические плиты		
1 уровень (до 70 кВт*час)	23,92	27,7472
2 уровень (от 70 кВт*час до 150 кВт*час)	30,56	35,4496
3 уровень (свыше 150 кВт*час)	38,20	44,3120
Для физических лиц, использующих электрические плиты		
1 уровень (до 90 кВт*час)	23,92	27,7472
2 уровень (от 90 кВт*час до 170 кВт*час)	30,56	35,4496
3 уровень (свыше 170 кВт*час)	38,20	44,3120
Для потребителей (физические лица) – одиноко проживающие пенсионеры по возрасту, инвалиды, участники Великой Отечественной Войны и приравненные к ним лица, не использующие электроплиты, за исключением указанных лиц, имеющих в собственности более одного жилого помещения (квартиры)		
1 уровень (до 100 кВт*час)	23,92	27,7472
2 уровень (от 100 кВт*час до 150 кВт*час)	30,56	35,4496
3 уровень (свыше 150 кВт*час)	38,20	44,3120
Для потребителей (физические лица) – одиноко проживающие пенсионеры по возрасту, инвалиды, участники ВОВ и приравненные к ним лица, использующие электроплиты, за исключением указанных лиц, имеющих в собственности более одного жилого помещения (квартиры)		
1 уровень (до 100 кВт*час)	23,92	27,7472
2 уровень (от 100 кВт*час до 170 кВт*час)	30,56	35,4496
3 уровень (свыше 170 кВт*час)	38,20	44,3120
Для бюджетных организаций (юридические лица, финансируемые из государственного бюджета)	30,78	35,7048
Для прочих потребителей (использующие электрическую энергию не для бытовых нужд)	30,78	35,7048
Для предприятий СЭПТ (производителей социально значимых продовольственных товаров)	28,30	32,8280

Основание: в связи с изменением ставок налога на добавленную стоимость на 16 процентов пункт 1 статьи 503 Налогового Кодекса РК,

Құрметті тұтынушылар!

«Қызылорда электр тарау тораптары компаниясы» АҚ 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап колданысқа енгізілумен тұтыну көлемі бойынша және тұтынушылар топтары бойынша сараланған электр энергиясын бөлшек саудала өткізу (электрмен жабдықтау) бағасы туралы ақпаратты назарыңызға жеткізеді

Көрсеткіштердің атауы	Тариф тенге/кВт*сағ КҚС-сыз	Тариф тенге/кВт*сағ КҚС-мен
Шекті баға	28,30	32,8280
Жеке тұлғалар үшін шекті баға (электр энергиясын тауарларды, жұмыстарды өндірумен (сатумен) және қызмет көрсетумен байланысты емес өз тұрмыстық қажеттіліктері үшін пайдаланатын тұрмыстық тұтынушылар)	25,47	29,5452
Электр плиталарын пайдаланбайтын жеке тұлғалар үшін		
1 деңгей (70 кВт*сағ-қа дейін)	23,92	27,7472
2 деңгей (70 кВт*сағ-тан 150 кВт*сағ дейін)	30,56	35,4496
3 деңгей (150 кВт*сағ-тан жоғары)	38,20	44,3120
Электр плиталарын пайдаланатын жеке тұлғалар үшін		
1 деңгей (90 кВт*сағ-қа дейін)	23,92	27,7472
2 деңгей (90 кВт*сағ-тан 170 кВт*сағ дейін)	30,56	35,4496
3 деңгей (170 кВт*сағ-тан жоғары)	38,20	44,3120
Жасы бойынша жалғыз тұратын зейнеткерлер, мүтедектер, Ұлы Отан Соғысына қатысушылар және оларға теңестірілген, электр плиталарын пайдаланбайтын тұлғалар, меншігінде біреуден артық тұрғын үй-жайы (пәтері) бар аталған тұлғаларды қоспағанда тұтынушылар үшін (жеке тұлғалар)		
1 деңгей (100 кВт*сағ-қа дейін)	23,92	27,7472
2 деңгей (100 кВт*сағ-тан 150 кВт*сағ дейін)	30,56	35,4496
3 деңгей (150 кВт*сағ-тан жоғары)	38,20	44,3120
Жасы бойынша жалғыз тұратын зейнеткерлер, мүтедектер, Ұлы Отан Соғысына қатысушылары және оларға теңестірілген, электр плиталарын пайдаланатын тұлғалар, меншігінде біреуден артық тұрғын үй-жайы (пәтері) бар аталған тұлғаларды қоспағанда тұтынушылар үшін (жеке тұлғалар)		
1 деңгей (100 кВт*сағ-қа дейін)	23,92	27,7472
2 деңгей (100 кВт*сағ-тан 170 кВт*сағ дейін)	30,56	35,4496
3 деңгей (170 кВт*сағ-тан жоғары)	38,20	44,3120
Бюджеттік ұйымдар үшін (мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын заңды тұлғалар)	30,78	35,7048
Өзге тұтынушылар үшін (электр энергиясын тұрмыстық қажеттіліктер үшін пайдалан-байтын)	30,78	35,7048
ӘМБАТТ кәсіпорындар үшін (әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өндірушілер)	28,30	32,8280

Негізі: Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 503-бабының 1-тармағына сәйкес қосылған құн салығының мөлшерлемесі 16 пайызға өзгеруі

Меншік иесі:
«Сан-Ай» пресс ЖШС
Директор-Бас редактор
Егиншибаева Анар Жақысбекқызы

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Рысбай Кәрімов

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде қайта тіркеліп, 2025 жылдың 30 маусым айында есепке алу туралы номері KZ 53VPY00123138 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – І, 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы:
Тоқмағанбетов
көшесі 36 а,
1 қабат 4 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға
«Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба еңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 8536 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №12

E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
https:// ret-gazeta.kz/